

Аралық соттар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 22 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 08.04.2016 № 488-V Заңымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасы аралық соттары құрылуының, қызметінің, сондай-ақ шешімдері орындалуының тәртібін реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дауларға қатысты қолданылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аралық келісім – тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды аралық соттың қарауына беру туралы ж а з б а ш а к е л і с і м і ;

2) аралық сот - тұрақты жұмыс істейтін аралық сот, биржалық төрелік немесе тараптар нақты дауды шешу үшін құрған аралық сот (бұдан әрі - нақты дауды шешуге арналған аралық сот);

3) аралық сотта талқылау – аралық сотта дауды қарау және аралық соттың ш е ш і м қ а б ы л д а у п р о ц е с і ;

3-1) аралық сотта талқылау тараптары – араларында аралық келісім жасасылған қуынушы мен жауапкер;

4) аралық соттың регламенті - тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың, биржалық төреліктің қызметін ұйымдастыру тәртібі;

5) аралық судья - аралық сотта дауды шешу үшін осы Заңның нормаларына сәйкес тараптар сайлаған немесе тараптар келіскен тәртіппен тағайындалған

ж е к е

а д а м ;

5-1) Қазақстан Республикасының жария тәртібі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздері;

б) құзыретті сот – тараптар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар туралы істерді Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес бірінші сатыда қарауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы сот жүйесінің соты;

7) іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары - қандай да бір құжатта тіркелгені-тіркелмегеніне қарамастан, азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережелері.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.05.04 № 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08 жарияланды); 03.07.2013 № 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының аралық соттар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының аралық соттар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Аралық сотта іс қарау принциптері

А р а л ы қ с о т т а і с қ а р а у :

1) туындаған дау бойынша аралық сотта іс қарауды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары мәселелерін тараптардың өзара алдын ала келісуі бойынша өз бетінше шешуге құқығы бар екендігін білдіретін тараптар еркінің дербестігі;

2) аралық судьялар мен соттар өз шешімдерінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің ғана нормаларын басшылыққа алатынын білдіретін заңдылық;

3) аралық судьялар мен соттардың өздеріне берілген дауларды шешу кезінде тәуелсіз екенін, шешімді оларға қандай да бір ықпал етуді болғызбайтын жағдайларда қабылдайтынын білдіретін тәуелсіздік;

4) тараптардың аралық сотта іс қарауда бірдей құқық көлемін пайдаланатынын және бірдей міндеттер көлемін мойнына алатынын, өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын аралық соттан, басқа да органдар мен тұлғалардан дербес және тәуелсіз тандауын білдіретін

жарыспалылығы мен тең құқылы болуы;

5) аралық судьялар мен соттар өздеріне берілген дауларды шешу кезінде және аралық сотта іс қараудың тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның имандылық принциптерін және іскерлік әдеп ережелерін сақтай отырып, адал әрекет етуге тиіс екенін білдіретін әділеттілік;

б) азаматтың тиісті органға ақпаратты хабарлау міндеті заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, аралық судьялардың аралық сотта іс қарау барысында белгілі болған мәліметтерді тараптардың немесе олардың құқық мирасқорларының келісімінсіз жария етуге құқығы жоқтығын және аралық сотта іс қарау барысында өздеріне белгілі болған мәліметтер туралы куәлар ретінде олардан жауап алынбайтынын білдіретін құпиялылық принциптері сақтала отырып жүзеге асырылады.

5-бап. Аралық соттардың түрлері

1. Қазақстан Республикасында аралық соттар тұрақты жұмыс істейтін аралық сот, биржалық төрелік немесе нақты дауды шешуге арналған аралық сот түрінде құрылуы мүмкін.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық соттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және олардың бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) құра алады.

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотты құру үшін осы тармақта көрсетілген тұлғалар аралық соттың регламентін, осы аралық сотта қызметті жүзеге асыратын аралық судьялардың тізімін бекітуге тиіс.

2-1. Биржалық мәмілелер жасасуға байланысты дауларды шешуге арналған биржалық төрелікті тұрақты жұмыс істейтін төрелік ретінде тауар биржасы құрады.

Тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелікті құру үшін тауар биржасы аралық соттың регламентін, осы аралық сотта қызметін жүзеге асыратын аралық судьялардың тізімін бекітуге тиіс.

3. Нақты дауды қарауға арналған аралық сотты тараптар өздерінің азаматтық-құқықтық қатынастарынан туындаған дауды шешу үшін құрады және ол осы дау шешілгенге дейін немесе тараптар дауды құзыретті сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін әрекет етеді.

Нақты дауды шешу үшін құрылатын аралық сот қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады.

4. Қазақстан Республикасында аралық соттар мемлекеттік органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың жанынан құрыла алмайды, сондай-ақ оларды табиғи монополиялар субъектілері және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілер құра алмайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.05.04 N 156 (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08 жарияланды); 03.07.2013 N 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Аралық соттың қызметінде қолданылатын құқық

1. Аралық сот дауларды Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарайды.

2. Аралық сот шешімді шарттың талаптарына сәйкес және іскерлік айналымның әдет-ғұрыптарын ескере отырып қабылдайды.

3. Даулы қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, аралық сот ұқсас құқық қатынастарын реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде, дауды заңдардың жалпы бастаулары мен мағынасын негізге алып шешеді.

7-бап. Дауды аралық соттың шешуіне беру

1. Тараптар арасында жасалған аралық келісім болған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес, дау аралық соттың қарауына берілуі мүмкін.

2. Тараптар өздерінің арасында қандай да бір нақты құқық қатынастарына байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты аралық келісім жасасуы мүмкін.

3. Алынып тасталды - ҚР 03.07.2013 N 125-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Құзыретті соттың қарауындағы дауға қатысты аралық келісім аталған сот дау бойынша шешім қабылдағанға дейін жасалуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың, кәмелетке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың, аралық келісімге қатысушылар болып табылмайтын адамдардың мүдделерін қозғайтын даулар, табиғи монополиялар субъектілерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілердің көрсетілетін қызметтерді ұсынуы, жұмыстарды орындауы, тауарларды өндіруі туралы шарттардан туындаған, сондай-ақ банкроттық немесе оңалту туралы істер жөніндегі даулар аралық соттардың ведомстволық қарауына жатпайды.

6. Аралық сот мүліктік қатынастарға байланысты емес, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасы құпиясына, атын алу құқығына байланысты жеке мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қарауға құқылы емес.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.05.04 N 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08. жарияланды), 2012.02.17 № 564-IV (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Аралық келісім және құзыретті сотта даудың мәні бойынша қуыным беру

1. Аралық сотта талқылау нысанасы бойынша қуыным берілген құзыретті сот , егер тараптардың кез келгені даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін беруден кешіктірмей бұл туралы өтініш білдірсе, егер аралық келісімді жарамсыз , күші жойылған немесе орындала алмайды деп таппаса, тараптарды аралық с о т қ а ж і б е р у г е т и і с .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қуынымды құзыретті сотқа беру, құзыретті сот аралық сотта талқылау нысанасының өзінде қаралуға жататындығы туралы мәселені қарағанша, басталуы немесе жалғастырылуы және аралық шешім шығарылуы мүмкін аралық сотта талқылауды шектемейді.

Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 N 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Аралық соттың қызметіне араласуға жол берілмеушілік

Мемлекеттік органдардың және өзге де мекемелердің аралық соттың қызметіне араласуына, бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

9-бап. Аралық сотта іс қарау тілі

1. Аралық соттарда іс жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, ал қажет болған кезде тараптардың келісімі бойынша орыс тілі немесе өзге де тілдер қазақ тілімен тең қ о л д а н ы л а д ы .

2. Тараптар аралық сотта іс қарау тілі туралы келісімге қол жеткізбеген жағдайда, аралық сотта іс қарау тілін аралық сот белгілейді.

3. Аралық сотта іс қарау жүргізіліп отырған тілді меңгермеген іске қатысушы адамдарға аудармашы арқылы іс материалдарымен танысу, аралық соттың іс-әрекетіне қатысу құқығы, аралық сотта ана тілінде сөйлеу құқығы қамтамасыз е т і л е д і .

4. Құжаттар мен өзге де материалдарды аралық сотта іс қарау тілінде ұсынбаған тарап олардың аудармасын қамтамасыз етеді.

5. Құжаттар мен өзге де материалдар іске қатысушы адамдарға олардың ана тіліндегі немесе олар білетін басқа тілдегі аудармасында табыс етіледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

10-бап. Аралық келісімнің нысаны және мазмұны

1. Аралық келісім жазбаша нысанда жасалады. Аралық келісім, егер тараптар қол қойған, не хаттар, телетайп, телеграф арқылы хабарлар алмасу жолымен немесе мұндай келісімнің тіркелгенін қамтамасыз ететін электрондық немесе өзге де байланыстың басқа да құралдарын пайдалана отырып жасалған құжатта болса, жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі.

2. Дауды аралық соттың шешуіне беру туралы талап қамтылған құжатқа шарттағы сілтеме шарт жазбаша нысанда жасалған және осы сілтеме аралық келісімді шарттың бір бөлігі жасайтын жағдайда, аралық келісім болып т а б ы л а д ы .

3. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда дауды тұрақты жұмыс істейтін аралық сотқа беру кезінде тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламенті аралық келісімнің ажырамас бөлігі ретінде қаралады.

4. Аралық келісімнің қолданылуы тараптардың келісімімен ол жасалған тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

2-тарау. АРАЛЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРАМЫ

11-бап. Аралық соттардың судьяларына қойылатын талаптар

1. Қажетті білімге ие, жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, жиырма бес жасқа толған және аралық судьяның міндеттерін орындауға келісім берген, тараптардан тәуелсіз және істің нәтижесіне мүдделі емес жеке тұлға аралық судья болып сайлануы (т а ғ а й ы н д а л у ы) мүмкін.

2. Дауды жеке-дара шешетін аралық судьяның жоғары заңгерлік білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болуға тиіс. Дау алқалы түрде шешілетін жағдайда аралық сот құрамы төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс.

3. Аралық судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды тараптар тікелей соттың құрамын түзу кезінде айқындайды немесе олар тұрақты жұмыс істейтін аралық соттардағы ережелермен (регламенттермен) айқындалады.

4 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен - құзыретті соттың судьясы болып сайланған немесе тағайындалған;

2) заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті ш е к т е у л і д е п т а н ы ғ а н ;

3) алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар не өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған адам;

4) мемлекеттік қызметші, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, өз қызметін тұрақты немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ағысы

төленетін, жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаты және әскери қызметші болып табылатын адам аралық судья бола алмайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV; 03.07.2013 N 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Аралық судьялардың дауды қарау кезіндегі саны

1. Тараптар аралық судьялардың санын белгілеуге құқылы, олардың саны тақ б о л у ғ а т и і с .

2. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда дауды аралық сотта шешу үшін үш аралық судья сайланады (тағайындалады).

13-бап. Аралық соттың құрамы

1. Аралық соттың құрамын түзу аралық судьяларды (аралық судьяны) сайлау (тағайындау) арқылы жүргізіледі.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық соттың құрамын түзу тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Аралық сотта нақты дауды шешуге арналған аралық соттың құрамын түзу тараптармен келісілген тәртіппен жүргізіледі.

4. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда нақты дауды шешуге арналған аралық соттың құрамын түзу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) үш аралық судьядан тұратын аралық соттың құрамын түзу кезінде әр тарап бір аралық судьяны сайлайды, ал осылай сайланған екі аралық судья үшінші аралық судьяны сайлайды.

Егер тараптардың бірі басқа тараптан бұл туралы өтініш алғаннан кейін он бес күн ішінде аралық судьяны сайламаса немесе сайланған екі судья өздері сайланғаннан кейін он бес күн ішінде үшінші аралық судьяны сайламаса, онда аралық сотта дауды қарау тоқтатылады және бұл дау құзыретті соттың шешуіне берілуі мүмкін;

2) егер дау аралық судьяның жеке-дара шешуіне жатса және бір тарап басқа тарапқа аралық судьяны сайлау туралы ұсыныспен жүгінгеннен кейін тараптар он бес күн ішінде аралық судьяны сайламаса, онда аралық сотта дауды қарау тоқтатылады және бұл дау құзыретті соттың шешуіне берілуі мүмкін.

13-1-бап. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот қызметінің шарттары

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот өзінің аралық судьяларының тізілімін жүргізеді. Заңды мекенжайын және регламентін қоса алғанда, тұрақты жұмыс істейтін аралық сот туралы ақпарат, сондай-ақ аралық судьялар тізілімі жеке және заңды тұлғалардың еркін танысуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында,

оның ішінде интернет-ресурстарда да орналастырылады. Аралық соттың шешімдері туралы ақпарат дау тараптарының келісімі болған кезде орналастырылады.

Аралық судьялар тізілімі аралық судьяның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), жұмыс орны, лауазымы мен жұмыс кезеңі көрсетіле отырып, жұмыс тәжірибесін, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын (болған кезде), қараған істерінің санын қамтуға тиіс.

Ескерту. Заң 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 N 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Аралық судьядан бас тарту

1. Аралық судья осы Заңның 11-бабының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда тараптар судьядан бас тарту туралы мәлімдеуі мүмкін.

2. Қандай да бір жеке адамға оны аралық судья етіп сайлау (тағайындау) мүмкіндігіне байланысты жүгінген жағдайда, аталған адам осы Заңның 11-бабына сәйкес одан бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың бар екендігі туралы хабарлауға тиіс. Егер көрсетілген мән-жайлар аралық сотта іс қарау кезінде туындаған жағдайда, аралық судья бұл туралы тараптарға дереу хабарлауға және өздігінен бас тартатынын мәлімдеуге тиіс.

3. Тарап, егер бас тарту үшін негіздер болып табылатын мән-жайлар оған осы аралық судьяны өзі сайлағаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана, ол осы бапқа сәйкес өзі сайлаған аралық судьядан бас тартатынын мәлімдеуі мүмкін.

4. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық судьядан бас тарту рәсімі тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентімен айқындалуы мүмкін.

5. Нақты дауды шешуге арналған аралық сотта тараптар аралық судьядан бас тарту рәсімін келісуі мүмкін.

6. Егер аралық судьядан бас тарту рәсімі тараптармен келісілмесе немесе тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде айқындалмаса, онда тарап аралық судьядан бас тарту туралы дәлелді жазбаша өтінішті аралық соттың құрамы түзілгені және осы Заңның 11-бабына сәйкес аралық судьядан бас тарту үшін негіздер бар екендігі туралы белгілі болғаннан кейін бес күн ішінде беруге тиіс.

Егер бас тарту мәлімделген аралық судья өздігінен бас тартпаса немесе басқа тарап аралық судьядан бас тартумен келіспесе, онда аралық соттың құрамына кіретін аралық судьялар аралық судьядан бас тарту туралы мәселені тараптардың жазбаша дәлелді өтініші алынған сәттен бастап он күн мерзімде шешеді.

Дауды жеке-дара қарайтын аралық судьядан бас тарту туралы мәселені сол аралық судья шешеді.

15-бап. Аралық судьяның өкілеттіктерін тоқтату

1. Аралық судьяның өздігінен бас тартуына немесе аралық судьяның осы Заңда көзделген негіздер бойынша бас тартуына байланысты, сондай-ақ аралық судья қайтыс болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша аралық судьяның өкілеттіктері тоқтатылуы мүмкін.

2. Аралық судьяның өкілеттіктері нақты іс бойынша шешім қабылданғаннан кейін тоқтатылады. Осы Заңның 37-40-баптарында көзделген жағдайларда аралық судьяның өкілеттіктері қайта басталады, ал содан кейін аталған баптарда көзделген іс жүргізу әрекеттері жасалған соң тоқтатылады.

16-бап. Аралық судьяны ауыстыру

Аралық судьяның өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда, ауыстырылатын аралық судья сайланған (тағайындаған) кезде қолданылған ережелерге сәйкес басқа аралық судья сайланады (тағайындалады).

3-тарау. АРАЛЫҚ СОТТА ДАУДЫ ШЕШУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР

17-бап. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстар

1. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстарға:
аралық судьялардың гонорары;
аралық судьялардың аралық сотта іс қарауына қатысуға байланысты шеккен шығыстары, соның ішінде дау қаралатын жерге жол жүру, онда тұру мен тамақтану ақысының шығыстары;
сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға төленуге тиісті сомалар;
аралық судьялардың жазбаша және заттай дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап көруге және зерттеуге байланысты шеккен шығыстары;
куәлар шеккен шығыстар;
аралық соттың шешімі өз пайдасына шығарылған тараптың өкіл көрсеткен қызметтердің ақысын төлеуге жұмсаған шығыстары;
аралық соттың іс қарауын ұйымдастыруға және материалдық қамтамасыз етілуіне жұмсалған шығыстар кіреді.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық судьялар гонорарының мөлшерін тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде көзделген аралық судьялар гонорарларының шкаласына сәйкес аралық соттың құрамы айқындайды.

Тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде судьялар гонорарының белгіленген мөлшеріне нұсқау болмаған кезде, аралық сот аралық судья гонорарының мөлшерін дау бойынша сотта іс қараудың әрбір нақты жағдайында, талап-арыздың бағасын, даудың күрделілігін, аралық судьялардың аралық сотта іс қарауға кеткен уақытын және іске қатысты кез келген басқа да мән-жайларды

ескере отырып айқындауы мүмкін.

3. Нақты дауды шешуге арналған аралық сотта аралық судьялар гонорарының мөлшері тараптардың келісімі бойынша айқындалады, ал ол болмаған кезде - тұрақты жұмыс істейтін аралық сот үшін көзделген тәртіппен нақты дауды шешуге арналған аралық сот айқындайды.

18-бап. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу

1. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстарды тараптар арасында бөлуді аралық сот тараптардың келісіміне сәйкес, ал ол болмаған кезде - қанағаттандырылған және қабылданбаған талаптарға бара-бар жүргізеді.

2. Егер келтірілген шығыстарды өндіру туралы талап аралық сотта іс қарау барысында мәлімделген және оны аралық сот қанағаттандырған болса, аралық соттың шешімі өз пайдасына шешілген тараптың өкіл көрсеткен қызметтердің ақысын төлеуге жұмсаған шығыстары, сондай-ақ аралық сотта іс қарауға байланысты өзге де шығыстары аралық соттың шешімі бойынша басқа тарапқа қ а т ы с т ы б о л у ы м ү м к і н .

3. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстарды бөлу аралық соттың шешімінде немесе ұйғарымында көрсетіледі.

4. Талапкер талап-арыздан бас тартқан жағдайда жауапкер ол шеккен шығыстарды өтемейді.

4-тарау. АРАЛЫҚ СОТТА ІС ҚАРАУ

19-бап. Аралық соттың құқықтылығы мәселесін шешу

1. Аралық сот өзіне шешуге берілген дауды қарауға өзінің құқығы бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені, соның ішінде тараптардың бірі аралық келісім жоқ немесе жарамсыз деген дәлел бойынша аралық сотта іс қарауына қарсы болған жағдайларда, дербес шешеді.

2. Тарап аралық соттың өзіне шешуге берілген дауды қарауға құқығы жоқ екені туралы даудың мәні бойынша өзі алғашқы өтініш бергенге дейін мәлімдеуге құқылы.

3. Егер аралық сотта іс қарау барысында қаралуы аралық келісімде көзделмеген мәселе аралық сотта іс қараудың нысанасы болса, не ол заңға немесе аралық сотта іс қарау ережелеріне сәйкес аралық сотта іс қараудың нысанасы болуы мүмкін емес болса, тарап аралық соттың өз құқығын асыра пайдаланғаны туралы мәлімдеуге құқылы.

4. Аралық сот осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жасалған мәлімдемені қарауға міндетті. Мәлімдемені қарау нәтижелері бойынша ұйғарым шығарылады.

5. Егер аралық сот өзінің құқықтылығы туралы мәселені қарау кезінде аралық соттың дауды қарау құқығы жоқтығы туралы ұйғарым шығарса, онда аралық сот дауды мәні бойынша қарай алмайды.

20-бап. Аралық сотта іс қарау ережелерін айқындау

1. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот, егер тараптар аралық сотта іс қараудың басқа ережелерін қолдану туралы уағдаласпаса, тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес аралық сотта іс қарауды жүзеге асырады.

2. Нақты дауды шешуге арналған аралық сот аралық сотта іс қарауды тараптармен келісілген ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес тараптармен келісілген аралық сотта іс қарау ережелері осы Заңның тараптарға жекелеген мәселелер бойынша уағдаласуға құқық бермейтін міндетті ережелеріне қайшы келе алмайды.

Тараптармен келісілмеген, тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың ережелерінде және осы Заңда айқындалмаған бөлігінде, аралық сотта іс қараудың ережелерін аралық сот айқындайды.

21-бап. Аралық сотта іс қараудың орны

1. Нақты дауды шешуге арналған аралық сотта тараптар өз қалауы бойынша аралық сотта іс қараудың орны туралы келісуі мүмкін.

Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сот тараптар үшін қолайлы факторды қоса алғанда, істің барлық мән-жайын ескере отырып, нақты дауды шешуге арналған аралық сот аралық сотта іс қараудың орнын айқындайды.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық сотта іс қараудың орны тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес айқындалады.

Егер тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде аралық сотта іс қараудың орны нұсқап көрсетілмесе не оны айқындау тәртібі болмаса, онда аралық соттың құрамы, тараптар үшін қолайлы факторды қоса алғанда, істің барлық мән-жайын ескере отырып, аралық сотта іс қараудың орнын айқындайды.

22-бап. Талап-арыз және талап-арызға пікір

1. Талапкер өзінің талаптарын талап-арызда баяндайды, ол аралық сотқа жазбаша нысанда беріледі. Талап-арыздың көшірмесі жауапкерге беріледі.

2. Талап-арызда:

- 1) талап-арыздың берілген күні;
- 2) тараптардың атауы, олардың тұрғылықты жері немесе, егер тараптар заңды тұлғалар болып табылса, олардың орналасқан жері, банк реквизиттері;
- 3) аралық сотқа жүгіну негіздемесі;
- 4) талапкердің талаптары;
- 5) талапкер өзінің талаптарын негіздеген мән-жайлар;
- 6) талапкердің талаптарын растайтын дәлелдемелер;

7) егер талап қою бағалануға жатса, талап қоюдың бағасы;
8) талап-арызға қоса берілетін құжаттар мен өзге де материалдардың тізбесі
к ө р с е т і л у г е т и і с .

Талап-арызға талапкер немесе оның өкілі қол қоюға тиіс. Егер талап-арызға талапкердің өкілі қол қойған жағдайда, талап-арызға өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат қоса берілуге тиіс.

3. Аралық сотта іс қараудың ережелерінде талап-арыздың мазмұнына қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

4. Жауапкер талапкерге және аралық сотқа өзінің талап қоюға қарсылықтарын баяндай отырып, талап-арызға пікір беруге құқылы. Талапкерге және аралық сотқа аралық сотта іс қарау ережелерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде талап-арызға пікір беріледі.

Егер аралық сотта іс қарау ережелерінде талап-арызға пікір беру мерзімі айқындалмаса, онда аталған пікір аралық соттың бірінші отырысына дейін кемінде он күн бұрын беріледі.

5. Тарап аралық сотта іс қарау барысында өзінің талап-арыздарын немесе талап қоюға білдірген қарсылықтарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.

23-бап. Аралық сотта іс қарауды қозғау

1. Аралық сот талап-арызды қабылдап, өзінің ережесіне (регламентіне) немесе Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкес аралық сотта іс қарауды қозғау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға оның қаралу орны туралы хабарлайды, жауапкерге талап-арызға жазбаша пікір беруді ұсынады.

2. Жауапкердің қарсылықтарын табыс етпеуі дауды қарауға кедергі бола алмайды.

24-бап. Талап-арызды қайтару

1. Аралық сот, егер:

- 1) тараптар арасында аралық келісім болмаса;
- 2) аралық келісімнің қатысушылары болып табылмайтын үшінші тұлғалардың мүдделері қозғалса;
- 3) талап қою аралық келісімде көзделмеген аралық сотқа берілсе;
- 4) талап-арызға қол қоюға немесе оны беруге өкілеттігі жоқ адам оған қол қойса немесе оны берсе;
- 5) талапкер талап арызды қайтару туралы өтініш берсе;
- 6) осы немесе басқа аралық соттың іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша іс болса, талап-арызды қайтарады.

2. Арыздың қайтарылуы талапкердің сол жауапкерге, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талаппен аралық сотқа қайта жүгінуіне кедергі келтірмейді.

25-бап. Қарсы талап қою және қарсы талаптарды есепке алу

1. Қарсы талаптың талапкердің талаптарымен өзара байланысы болған кезде, сондай-ақ аралық сот қарсы талап қоюды аралық келісімге сәйкес қарауы мүмкін болған кезде, жауапкер талапкерге қарсы талап қоюға құқылы.

2. Егер тараптар қарсы талап қою үшін өзге мерзімге келіспесе, аралық сот шешім қабылдағанға дейін, аралық сотта іс қарау барысында қарсы талап қ о й ы л у ы м ү м к і н .

3. Қарсы талап осы Заңның 22-бабы 2-тармағының талаптарын қ а н а ғ а т т а н д ы р у ғ а т и і с .

4. Талапкер аралық сотта іс қарау регламентінде немесе ережелерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде қарсы талапқа қарсылықтарын ұсынуға қ ұ қ ы л ы .

5. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда жауапкер азаматтық заңнаманың талаптарын сақтай отырып, қарсы талапты есепке алуды талап етуге құқылы.

26-бап. Дәлелдемелерді табыс ету және зерттеу

1. Әрбір тарап өз талаптары мен қарсылықтарының негіздемесі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Егер табыс етілген дәлелдемелер жеткіліксіз деп санаса, аралық сот тараптарға қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуға құқылы.

2. Аралық сот іс бойынша барлық дәлелдемелерді тікелей зерттеуге міндетті.

27-бап. Тараптардың аралық соттың отырысына қатысуы

1. Тараптардың әрқайсысына өз ұстанымын баяндау және өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тең мүмкіндіктер берілуге тиіс.

2. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сотта іс қарау - тараптардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен аралық соттың отырысында жүзеге асырылады.

Өкілдің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген талаптар сақтала отырып ресімделуге тиіс.

3. Тараптарға аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы алдын ала және тиісті түрде хабарлама тапсырылуға тиіс.

Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда барлық құжаттардың, материалдардың көшірмелері мен аралық сотқа тараптардың бірі ұсынатын ақпаратты аралық сот басқа тарапқа беруге тиіс. Аралық сот өзінің шешімін негіздейтін сараптамалық қорытындыларын тараптарға беруге тиіс.

4. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық соттың құрамы істі жабық отырыста қарайды.

28-бап. Тараптардың құқықтары

Аралық сотта іс қарауға қатысушы тараптардың:

- 1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге;
- 2) дәлелдемелерді табыс етуге;
- 3) өтініш білдіруге, аралық судьялардан бас тартуға;
- 4) процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;
- 5) процесс барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін беруге;
- 6) басқа тараптың өтінімдеріне және дәлелдеріне қарсылық білдіруге;
- 7) аралық сот отырысының хаттамасымен танысуға және ол бойынша жазбаша ескертпелер беруге;
- 8) құзыретті сот алдында аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату туралы өтініш беруге;
- 9) заңда белгіленген жағдайларда аралық соттың шешіміне шағымдануға құқығы бар.

29-бап. Тараптардың құжаттар мен өзге де материалдарды табыс етпеуінің немесе тараптардың келмей қалуының салдарлары

1. Құжаттар мен өзге материалдарды табыс етпеу, сондай-ақ аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптардың немесе олардың өкілдерінің аралық соттың отырысына келмей қалуы, егер құжаттар мен өзге де материалдарды табыс етпеу себептерін немесе тараптардың аралық соттың отырысына келмей қалуын ол дәлелсіз деп таныса, аралық сотта іс қарау және аралық соттың шешім қабылдауы үшін кедергі болып табылмайды.

2. Жауапкердің талап қоюға қарсылықтарын табыс етпеуін талапкердің талаптарын тану ретінде қарауға болмайды.

30-бап. Сараптама тағайындау және өткізу

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сот дауларды шешу кезінде туындайтын, арнайы танып-білуді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін сараптама тағайындауы және тараптардың кез келгенінен сараптама өткізу үшін қажетті құжаттарды, өзге материалдарды немесе заттарды беруді талап етуі мүмкін.

Сараптама ақысын төлеуге жұмсалған шығыстарды және сарапшының қатысуын қоса алғанда, аралық сот сарапшының аралық сотта іс қарауға қатысуына қатысты өзге де мәселелерді, егер тараптар бұл мәселелерді арнайы келіспесе, шешуге құқылы.

2. Сараптамалық қорытынды жазбаша нысанда беріледі.

3. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда бұл туралы тараптардың кез келгені өтінген немесе аралық сот мұны қажет деп санаған жағдайда, сарапшы сараптамалық қорытынды табыс етілгеннен кейін, тараптарға және аралық судьяларға сараптама өткізуге және табыс етілген сараптамалық қорытындыға байланысты сарапшыға сұрақтар қою мүмкіндігі берілетін аралық соттың отырысына қатысуға тиіс.

31-бап. Аралық сот отырысының хаттамасы

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық соттың отырысында х а т т а м а жү р г і з і л е д і .

2. Аралық сот отырысының хаттамасы істі қараудың барлық елеулі сәттерін к ө р с е т у г е т и і с .

Аралық сот отырысының хаттамасында:

- 1) аралық сот отырысының жылы, айы, күні және орны;
- 2) аралық сот отырысының басталу және аяқталу уақыты;
- 3) істі қарайтын аралық соттың атауы және аралық судьялардың, аралық сот отырысы хатшысының тегі және аты-жөні;
- 4) істің атауы;

5) іске қатысушы адамдардың, өкілдердің, куәлардың, сарапшылардың, мамандардың, аудармашылардың келуі туралы мәліметтер;

6) іске қатысушы адамдарға, өкілдерге олардың іс жүргізушілік құқықтарын түсіндіру туралы мәліметтер;

7) төрағалық етушінің өкімдері және аралық соттың отырыс залында аралық сот шығарған ұйғарымдар;

8) іске қатысушы адамдардың және өкілдердің өтініштері, ұсыныстары мен түсініктемелері;

9) куәлардың айғақтары, сарапшылардың өз қорытындыларын ауызша түсіндіруі, мамандардың түсініктемелері;

10) құжаттарды жария ету туралы мәліметтер, заттай дәлелдемелерді тексеріп қарау деректері, дыбыс жазбаларын тыңдау, бейнежазбаларды, кино материалдарды қарау;

11) аралық соттың отырыс залында болған сұрақтар мен жауаптардың м а з м ұ н ы ;

12) шешім мен ұйғарымдардың мазмұнын жариялау және түсіндіру, оларға шағымдану тәртібі мен мерзімін түсіндіру туралы мәліметтер;

13) іске қатысушы адамдарға хаттамамен танысу және ол бойынша ескертпелер беру құқықтарын түсіндіру туралы мәліметтер;

14) хаттаманың жасалған күні көрсетіледі.

3. Аралық сот отырысының хатшысы хаттама жасайды, оны аралық сот

аралық сотта іс қарау тараптарының келісімі бойынша не тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес тағайындайды.

4. Іске қатысушы адамдар және олардың өкілдері хаттаманың қандай да бір бөлігін жариялау туралы, өздері іс үшін елеулі деп санайтын мән-жайлар жөніндегі мәліметтерді хаттамаға енгізу туралы өтінім жасауға құқылы.

5. Хаттама аралық соттың отырысы аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей жасалуға және оған қол қойылуға тиіс.

Күрделі істер бойынша аралық сот отырысының хаттамасын жасау және оған қол қою неғұрлым ұзақ мерзімде, бірақ аралық соттың отырысы аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Хаттамаға төрағалық етуші мен хатшы қол қояды. Барлық өзгерістер, түзетулер, толықтырулар хаттамада көрсетілуге және олардың қолдарымен куәландырылуға тиіс.

32-бап. Құзыретті соттың қамтамасыз ету шараларын ұсынудағы жәрдемі

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сот кез келген тараптың өтініші бойынша даудың нысанасына қатысты өзі қажет деп есептейтін, ол туралы ұйғарым шығаратын осындай қамтамасыз ету шараларын қандай да бір тараптың қабылдағаны туралы өкім шығара алады.

2. Аралық сотта қаралып жатқан талап-арызды қамтамасыз ету туралы өтінішті тарап аралық сотта істі қарау жүзеге асырылатын орын немесе қамтамасыз ету шаралары қолданылуы мүмкін мүлік тұрған жер бойынша - құзыретті сотқа береді.

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы өтінішке аралық сотқа талап қою дәлелдемелері қоса тіркеледі.

3. Аралық сотта қаралып жатқан талап-арызды қамтамасыз ету туралы өтінішті құзыретті соттың қарауы және оның талап-арызды қамтамасыз ету туралы немесе оны қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Аралық сотта қаралып жатқан талап-арызды қамтамасыз ету туралы ұйғарымның күшін тараптардың бірінің өтініші бойынша осы ұйғарымды шығарған құзыретті сот жоюы мүмкін. Аралық соттың талап-арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі құзыретті соттың қамтамасыз ету шараларының күшін жоюына негіз болып табылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

5-тарау. АРАЛЫҚ СОТТЫҢ ШЕШІМІ

33-бап. Аралық сот шешімінің міндеттілігі

Аралық келісім жасасқан тараптар аралық соттың шешімін орындауға міндеттеме алады. Тараптар және аралық сот аралық сот шешімінің заң тұрғысында орындалуына барлық күш-жігерін жұмсайды.

34-бап. Аралық соттың шешім қабылдауы

1. Аралық сот істің мән-жайы зерттелгеннен кейін аралық соттың құрамына кіретін аралық судьялардың көпшілік даусымен шешім қабылдайды.

Шешім аралық соттың отырысында жарияланады. Аралық сот шешімнің тек қарарлық бөлігін жариялауға құқылы. Мұндай жағдайда, егер тараптар шешімді жіберуге арналған мерзімді келіспесе, шешімнің қарарлық бөлігі жарияланған күннен бастап отыз күн ішінде тараптарға дәлелді шешім жіберілуге тиіс.

Аралық сот мүшелерінің көпшілігінің шешімімен келіспеген судья өзінің айрықша пікірін мәлімдеуге құқылы, ол шешімге қоса тіркеледі. Тараптар аралық судьяның айрықша пікірімен танысуға құқылы.

2. Аралық сот, егер оны қажет деп таныса, осы Заңның 27-бабы 3-тармағының ережелері сақталған жағдайда, шешім қабылдауды кейінге қалдыруға және тараптарды қосымша отырысқа шақыруға құқылы.

3. Егер аралық сотта іс қарау барысында тараптар дауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын бітімгершілік келісім жасау жолымен реттесе, аралық сот аралық сотта іс қарауды тараптардың өтініші бойынша тоқтатады және оның тарапынан қарсылықтар болмаған кезде бұл реттеуді аралық соттың келісілген жағдайлардағы шешімі ретінде тіркейді.

Аралық соттың келісілген жағдайлардағы шешімі осы Заңның 35-бабының ережелеріне сәйкес шығарылады және онда бұл аралық соттың шешімі болып табылатынына нұсқау болады. Аралық соттың бұл шешімінің даудың мәні бойынша аралық соттың кез келген шешімі сияқты осындай мәртебесі және күші болады.

4. Аралық соттың шешімі аралық сотта іс қарау орнында қабылданған болып есептеледі және оған аралық судья (судьялар) қол қойған күні күшіне енеді.

35-бап. Аралық сот шешімінің нысаны мен мазмұны

1. Аралық соттың шешімі жазбаша нысанда баяндалады және оған аралық соттың құрамына кіретін судьялар, соның ішінде айрықша пікірі бар аралық судья қол қояды.

2. Аралық соттың шешімінде:

- 1) шешім қабылданған күн;
- 2) осы Заңның 21-бабына сәйкес айқындалған аралық сотта іс қарау орны;
- 3) аралық сот құрамы және оны түзу тәртібі;
- 4) дау тараптарының атауы, олардың өкілдерінің өкілеттіктері көрсетіле

отырып, тегі, аты-жөні, лауазымдары;
5) аралық сот құзыретінің негіздемесі;
б) талапкердің талаптары және жауапкердің қарсылықтары, тараптардың ұ с ы н ы с т а р ы ;

7) іс қарауға қатысушы адамдар дауының, өтінішінің, өтінімінің, түсініктемесінің м ә н і ;

8) аралық сот анықтаған істің мән-жайы, осы мән-жайлар туралы аралық соттың тұжырымдары негізделген дәлелдемелер, аралық сот шешім қабылдау кезінде басшылыққа алған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері көрсетілуге тиіс.

Шешімнің қарарлық бөлігінде әрбір мәлімделген талап-арыз талабын қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы аралық соттың тұжырымдары, аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстардың сомасы, аталған шығыстардың тараптар арасында бөлінуі және қажет болған жағдайда, қабылданған шешімді орындаудың мерзімі мен тәртібі көрсетілуге тиіс.

3. Шешім қабылданғаннан кейін әрбір тарапқа осы баптың 1-тармағына сәйкес ресімделген шешімнің бір данасы тапсырылуға не жіберілуге тиіс.

36-бап. Шешімнің заңдылығы мен негізділігі

1. Аралық соттың шешімі заңды және негізді болуға тиіс.

2. Аралық сот өзінің шешімін аралық соттың отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

37-бап. Қосымша шешім

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда тараптардың кез келгені аралық соттың шешімін алғаннан кейін он күн ішінде аралық сотта іс қарау барысында мәлімделген, бірақ шешімде көрініс таппаған талаптарға қатысты қосымша шешім қабылдау туралы өтінішпен, бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, сол аралық сотқа жүгіне алады. Дауды шешкен аралық соттың құрамы аталған өтінішті алғаннан кейін он күн ішінде оны қарауға тиіс.

2. Тиісті өтінішті қарау нәтижелері бойынша не аралық сот шешімінің құрамдас бөлігі болып табылатын қосымша шешім, не қосымша шешім қабылдау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданады.

38-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша аралық сотта дауды қарау

1. Аралық соттың шешімі аралық келісім тараптарының бірінің немесе құқықтары жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қозғалған өзге де тұлғаның арызы бойынша қайта қаралуы мүмкін. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша аралық соттың шешімін қайта қарау негіздемелері:

1) іс үшін елеулі, арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін е м е с м ә н - ж а й л а р ;

2) заңсыз не негізсіз шешімнің қабылдануына әкеп соққан, күшіне енген сот үкімімен анықталған, куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу бұрыс аударма, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

3) тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің күшіне енген сот үкімімен анықталған қылмыстық іс-әрекеттері немесе аралық судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері болып табылады.

2. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша аралық соттың шешімін қайта қарау туралы өтініш осы Заңда белгіленген тәртіппен қайта қарау үшін негіз болған мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде беріледі және оны шешім шығарған аралық сот қарайды.

Аралық соттың, соның ішінде бұрынғы құрамда шешім шығарған тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың отырысын өткізу мүмкін болмаған жағдайда, осы Заңда белгіленген тәртіппен құрылған аралық соттың жаңа құрамы жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шешімді қайта қарау туралы өтінішті қарайды.

39-бап. Шешімді түсіндіру

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда тараптардың кез келгені аралық соттың шешімін алғаннан кейін он күн ішінде шешімді түсіндіру туралы өтінішпен, бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып сол аралық сотқа жүгінуі мүмкін. Дауды шешкен аралық соттың құрамы шешімді түсіндіру туралы өтінішті алғаннан кейін он күн ішінде оны қарауға тиіс.

2. Аралық сот өзі қабылдаған шешімді, оның мазмұнын өзгертпестен түсіндіреді.

3. Тиісті өтінішті қарау нәтижелері бойынша не аралық сот шешімінің құрамдас бөлігі болып табылатын шешімді түсіндіру туралы ұйғарым, не шешімді түсіндіруден бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

40-бап. Жаңылыс жазуларды, жаңсақ жазылымдарды, арифметикалық қателерді түзету

1. Аралық сот тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша немесе өзінің бастамасы бойынша жаңылыс жазуларды, жаңсақ жазылымдарды, көрінеу арифметикалық қателерді түзетуге құқылы.

2. Аралық сот жаңылыс жазуларды, жаңсақ жазылымдарды, арифметикалық қателерді түзету туралы ұйғарым шығарады, ол шешімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

41-бап. Аралық соттың ұйғарымы

Аралық сот даудың мәнін қозғамайтын мәселелер бойынша ұйғарымдар шығарады, олар дәлелді болуға тиіс.

42-бап. Аралық сотта іс қарауды тоқтату

А р а л ы қ с о т , е г е р :

жауапкер дауды мәні бойынша шешуге өзінің заңды мүддесінің болуына байланысты аралық сотта іс қарауды тоқтатуға қарсылығын мәлімдемесе ғана, талапкер өзінің талабынан бас тартқан; аралық сот өзінің шешуіне берілген дауды қарауға аралық соттың құзыреті жоқтығы туралы ұйғарым шығарған; сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша құзыретті соттың немесе аралық соттың заңды күшіне енген шешімі б о л ғ а н ;

тараптар аралық сотта іс қарауды тоқтату туралы келісімге келген; аралық сотта іс қараудың тарапы болып табылатын заңды тұлға таратылған; аралық сотта іс қараудың тарапы болып табылатын жеке тұлға қаза тапқан (қайтыс болған деп жарияланған), не ол хабарсыз кеткен деп танылған; талапкер талап қоюдан бас тартып, аралық сот бас тартуды қабылдаған жағдайларда, аралық сотта іс қарауды тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

43-бап. Шешімдер мен істерді сақтау

1. Нақты дауды шешуге арналған аралық соттың шешімі ол қабылданғаннан кейін бір ай мерзімде іс бойынша материалдармен бірге тұрақты жұмыс істейтін аралық соттардың біріне сақтау үшін жіберіледі.

2. Егер тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың ережелерінде өзге мерзім белгіленбесе, онда тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта қаралған іс осы аралық сотта ол бойынша шешім қабылданған күннен бастап кемінде бес жыл сақталады .

44-бап. Аралық соттың шешіміне шағым жасау

1. Аралық сотта талқылау тараптары не құқықтары мен міндеттері қозғалған үшінші тұлғалар аралық сот шешіміне Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті сотқа шағым жасауы м ү м к і н .

2. Аралық сот шешіміне, егер аралық сот шешімінің күшін жою туралы арыз берген аралық сотта талқылау тарапы не құқықтары мен міндеттері қозғалған т ұ л ғ а :

1) аралық келісім Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз екендігінің;

2) аралық соттың шешімі аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылғандығының, не аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратындығының , сондай-ақ даудың аралық соттың ведомстволық қарауында болмауы салдарының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана шағым жасалуы м ү м к і н .

Егер аралық соттың аралық келісімде қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулылары мұндай келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан бөлініп шығарылуы мүмкін болса, онда аралық соттың аралық келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын шешімінің сол бөлігі ғана күшін жоюы мүмкін;

3) аралық соттың құрамы немесе аралық сотта іс қарау Қазақстан Республикасы аралық сотта іс қарау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтіндігінің;

4) тарап аралық судьялардың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілмегендігінің не басқа да себептермен аралық сотқа өз түсіндірмелерін бере алмағандығының;

5) аралық соттың шешімі Қазақстан Республикасының заңдылық принциптері мен жариялылық тәртібіне қайшы келетіндігінің;

6) алынып тасталды - ҚР 2010.02.05 249-IV Заңымен.

7) аралық сот шешімінің қабылдануына негіз болған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп танығандығының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана шағым жасалуы мүмкін.

3. Аралық сот шешімдерінің күші жойылған жағдайда, тараптардың кез келгені аралық келісімге сәйкес аралық сотқа жүгінуге құқылы.

Егер аралық сот шешімінің аралық келісімнің жарамсыздығы салдарынан немесе шешім аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғандықтан, не аралық келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратындықтан, толық немесе ішінара күші жойылған жағдайда, тиісті дау аралық сотта одан әрі қарауға жатпайды.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.02.05 249-IV, 2012.07.10 № 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 125-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. АРАЛЫҚ СОТТЫҢ ШЕШІМІН ОРЫНДАУ

45-бап. Аралық соттың шешімін орындау

1. Аралық соттың шешімі шешімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті орындалуға жатады.

2. Егер аралық соттың шешімінде мерзім белгіленбесе, онда ол дереу орындалуға жатады.

46-бап. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату

Егер аралық соттың шешімі белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаса, онда ол мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындату аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға құзыретті сот берген атқару парағының негізінде, аралық соттың шешімін орындау сәтінде қолданылатын атқарушылық іс жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырылады.

47-бап. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға байланысты шығыстарды өндіріп алу

Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға байланысты қосымша шығыстар шешімді өз еркімен орындамаған тарапқа жүктеледі.

48-бап. Атқару парағын беруден бас тарту үшін негіздемелер

1. Атқару парағын беру туралы өтінішті қарау кезінде тиісті құзыретті сот аралық соттың шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес.

2. Құзыретті сот, егер:

1) аралық соттың шешімі өзіне қарсы қабылданған тарап құзыретті сотқа:

аралық келісімінің жарамсыз болып табылатындығының;

аралық соттың шешімі аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғанының немесе аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратындығының , сондай-ақ даудың аралық соттың ведомстволық қарауына жатпайтындығының

дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Егер аралық соттың аралық келісімде қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулылары мұндай келісімде қамтылмайтындардан бөлініп шығарылуы мүмкін болса, онда аралық соттың аралық келісімде қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын шешімінің сол бөлігін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тартылмайтынының;

аралық соттың құрамы немесе аралық сотта іс қарау Қазақстан Республикасының аралық сотта іс қарау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмегенінің ;

аралық соттың шешімі өзіне қарсы қабылданған тарап аралық судьяның сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілмегендігінің не аралық сотқа басқа да себептермен өз түсіндірмелерін бере алмағандығының;

тараптардың бірінің аралық келісім жасасу кезінде әрекетке толық қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі екендігінің;

құзыретті соттың немесе аралық соттың сол тараптардың арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша заңды күшіне енген шешімінің, не талапкердің талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша іс

жүргізуді тоқтату туралы құзыретті соттың немесе аралық соттың ұйғарымы
б о л ғ а н д ы ғ ы н ы ң ;

аралық соттың шешім шығаруы сот үкімімен белгіленген, қылмыс жасау
салдарынан мүмкін болғандығының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда,
атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады;

2) к ұ з ы р е т т і с о т :

дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аралық сотта іс
қараудың нысанасы болуы мүмкін еместігін;

аралық соттың шешімі осы баптың 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында
белгіленген талаптарға және Қазақстан Республикасының жариялылық тәртібіне
қайшы келетінін анықтаса, атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым
ш ы ғ а р а д ы .

3. Құзыретті сот атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарған
жағдайда тараптар ұйғарымға Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу
заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті